

Шығыстану факультетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті, Түрксой кафедрасының ұйымдастыруымен «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мен өзбек ақыны Әлішер Науаидың 578 жылдығына арналған «Абай мен Науаидың рухани үндестігі» атты шара өтті.

Аталмыш шараға Өзбекстан Республикасының Алматыдағы Бас консулы Аброр Фатхуллаев, ҚР Ұлттық кітапханасының директордың орынбасары Ажар Юсупова, ҚР Ұлттық кітапханасының ғылыми хатшысы Болат Жүнісбеков, ҚР Ұлттық кітапханасы «Әлем әдебиеті» қызметінің жетекшісі Салима Тұяқова, ҚР Ұлттық кітапханасы «Қазақстан кітаптары» қызметінің жетекшісі Мадина Жаркналова, ҚР Ұлттық кітапханасының қызметкерлері, топ жетекшісі Құттықыз Қасымбекова, кітапханашылар Гүлбаршын Бахина, Динара Ағыманова, Иран-Тұран орталығының директоры ф.ғ.к., доцент Ислам Жеменей және Шығыстану факультетінің деканы Ықтияр Палтөре, Түрксой кафедрасының меңгерушісі Үміт Қыдырбаева, кафедра меңгерушісінің оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Эльмира Монтанай, кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық қатынастар бойынша орынбасары Нүржігіт Абдуқадыров,

## АБАЙ ЖӘНЕ НАУАИ КЕШІ



Түрксой кафедрасының оқытушы-профессор құрамы және 1-4 курс студенттері қатысты.

Кештің мақсаты - мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев пен Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың атап өткеніндей, «2019 жыл - Өзбекстандағы Қазақстан жылы» аясында және алдымыздағы жыл «Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы» қарсаңында Абай мен Ә. Науаи шығармаларын дәріптеу, жастардың санасына сіңіру және еліміздің рухани мәдениетін жаһандық форматта ілгерілету.

Кеш екі бөлімнен тұрды. Кештің

бірінші бөлімінде сөз алған Өзбекстан Республикасының Алматыдағы Бас консулы Аброр Фатхуллаев Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің арасындағы достық, туыстық қарым-қатынастарға тоқтала отырып, Әлішер Науаидың шығармаларынан сөз етті. Қ.Р. Ұлттық кітапханасының ғылыми хатшысы Болат Жүнісбеков және Иран-тұран орталығының директоры ф.ғ.к., доцент Ислам Жеменей Абай Құнанбайұлының тұлғалық қасиеттері мен шығармалары туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қорынан кітап көрмесі

ұйымдастырылып, Абай және Науаидың еңбектері таныстырылды.

Кештің екінші бөлімінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті Түрксой кафедрасының 3-4 курс студент Абай шығармаларынан «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Әсемпаз болма әрнеге» секілді өлеңдері мен Ә.Науаидың «Оразин епқач кузимдин», «Ошиқ ұлдум», «Мубтало булдим санга» атты ғазалдарын оқыды. Сондай-ақ, «Көзімнің қарасы» әні шырқалып, Алматы қаласының Өзбек этно-мәдени орталығының бишілер тобының орындауында өзбек билерінен попури тамашаланды.

Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған, Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, – деп төрелігін өзі шешкен ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, батыс пен шығыс мәдениетін тоғыстырып, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген Абай мен өз дәуірінде түркі мен парсы-тәжік көркем сөз жетістіктерін терең игерген, Өзбек жазба әдебиетінің негізгі қалаушы, өзбек поэзиясының ірі тұлғасы, бастау алатын бал бұлағына айналған кемеңгер ақын Әлішер Науаи кеші жастарға үлгі-өнеге боларлық әсер қалдырып, рухани азық болады деген сенімдеміз.

**А. НАЗАРОВА,  
Г. ТЕМЕНОВА,**

Түрксой кафедрасының  
құрастырушысы